

**"Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телиүсқаларын беру"  
мемлекеттік қызмет стандарты**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру: 1) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының кеңесі; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкімет" "www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет корсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымына тапсырған сәттен бастап – 15 жұмыс күні. 2) Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут.
4	Көрсету нысаны	электрондық (ішінана автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде

5	<p><b>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі</b></p> <p>Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнүсқасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.</p> <p>Портал арқылы жүтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін сұрау салуда көрсетілген Мемлекеттік корпорацияның мекенжайы бойынша алады.</p> <p>Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттарды сактауды қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті алушыға одан әрі сақтауга береді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай откен соң жүтінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.</p>
6	<p><b>Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын толем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жагдайларда оны алу тәсілдері</b></p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі</p>

## 7 Жұмыс кестесі

1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес; 2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда 3) порталда – жөндеу жұмыстарын журғизуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадагы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінде жүгінген кезде отініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

## 8 Күжаттардың тізбесі

Көрсетілетін қызметті берушінің кенесіне немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

- 1) күжатын жоғалтқан немесе бұлдірген білім алушының немесе кәмелет жасқа толмаған баланың ата-анасының (занды өкілінің) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымы басшысының атына осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес етініші;
- 2) білім алушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі (паспорты) (жеке басын сайкестендіру үшін талап етіледі);
- 3) тегі (аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген және білім туралы күжат бүлінген жағдайда білім туралы күжаттың түпнұсқасы қоса беріледі. порталда көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық колтаңбасымен куәландырылған немесе порталдың есептік жазбасына

	<p>көрсетілетін қызметті алушының ұлым байланыс операторы ұсынған, абоненттік нөмірі қосылған және тіркелген жағдайда, бір рет қолданылатын парольмен куәландырылған электрондық құжат</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>
10	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып көйілатын өзге де талаптар</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаган және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның немесе негізгі орта және жалпы орта білім беру үйімнің қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады</p> <p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдар жасау кабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жогалтқан көрсетілетін қызметті алушылардан 1414, 8 800 080 7777 бірынғай байланыс орталығы арқылы жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы акпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірынғай байланыс орталығы арқылы алады.</p>